

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің кейбір бұйрықтарына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары – Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің 2018 жылғы 29 қаңтардағы № 47 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2018 жылғы 16 ақпанда № 16377 болып тіркелді.

БҰЙЫРАМЫН:

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің өзгерістер мен толықтырулар енгізілетін кейбір бұйрықтарының тізбесі бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі комитеті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрық мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күнтізбелік он күн ішінде оның қазақ және орыс тілдеріндегі қағаз және электрондық түрдегі көшірмесінің ресми жариялау және Қазақстан Республикасы Нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне енгізу үшін "Респубикалық құқықтық ақпарат орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы респубикалық мемлекеттік кәсіпорнына жіберілуін;

3) осы бұйрық мемлекеттік тіркелгеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмесінің мерзімді баспа басылымдарына ресми жариялауға жіберілуін;

4) осы бұйрық ресми жарияланғаннан кейін Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің интернет-ресурсында орналастырылуын;

5) осы бұйрық мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күн ішінде Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Заң қызметі департаментіне осы бұйрықтың 1), 2), 3), және 4) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтердің ұсынылуын қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің орынбасары
– Қазақстан Республикасының
Ауыл шаруашылығы министрі

Ә. Шөкеев

Қазақстан Республикасы

Премьер-Министрінің орынбасары –
Қазақстан Республикасы
Ауыл шаруашылығы министрінің
2018 жылғы 29 қантардағы
№ 47 бұйрығымен
бекітілген

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің өзгерістер мен толықтырулар енгізілетін кейбір бұйрықтарының тізбесі

1. "Селекциялық-гендік мақсаттағы объектілерді анықтау және құру қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Қоршаган ортаны қорғау министрінің 2013 жылғы 27 тамыздағы № 257-Ө бұйрығында (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8750 болып тіркелген, 2013 жылғы 5 желтоқсанда "Егemen Қазақстан" газетінің № 268 (28207) санында жарияланған):

көрсетілген бұйрықтың тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"Селекциялық-генетикалық мақсаттағы объектілерді анықтау, жасау және пайдалану қағидаларын бекіту туралы";

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Қоса беріліп отырған Селекциялық-генетикалық мақсаттағы объектілерді анықтау, жасау және пайдалану қағидалары бекітілсін.";

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Селекциялық-гендік мақсаттағы объектілерді анықтау және жасау қағидаларында:

тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"Селекциялық-генетикалық мақсаттағы объектілерді анықтау, жасау және пайдалану қағидалары";

1-тараудың тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"1-тарау. Жалпы ережелер";

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Селекциялық-генетикалық мақсаттағы объектілерді анықтау, жасау және пайдалану қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) 2003 жылғы 8 шілдедегі Қазақстан Республикасының Орман кодексі 78-бабының 3-тармағына сәйкес әзірленді және селекциялық-генетикалық мақсаттағы объектілерді анықтау, жасау және пайдалану тәртібін айқындайды.";

2-тараудың тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"2-тарау. Селекциялық-генетикалық мақсаттағы объектілерді анықтау, жасау және пайдалану тәртібі";

мынадай мазмұндағы 6-параграфпен толықтырылсын:

"6-параграф. Селекциялық-генетикалық мақсаттағы объектілерді пайдалану тәртібі

44. Қажет болған жағдайда артықшылығы бар ағаштар клондарының мұрағаттары сынақ орман дақылдарын отырғызу, сондай-ақ ОТП отырғызу үшін қалемшелердің

шағын партияларын дайындау мақсатында бақыланатын тозандандырудан орман өсімдіктерінің тұқымдарын алу үшін пайдаланылады.

45. Артықшылығы бар ағаштар клондарының мұрағаттарында сынақ орман дақылдарында нашар дамыған клондар, зиянкестер мен аурулар зақымдаған жекелеген гүлдемейтін және жеміс бермейтін фенотиптер алғып тасталады. Перспективалы емес клондарды алуды қыс кезінде ағаштар ұшарбасының жанасуы басталғанға дейін жүргізіледі.

46. Орман генетикалық резерваттарында ғылыми ұсынымдар негізінде гендік қорды таза ұстауды және оны сақтауды көздейтін іс-шаралар жүргізіледі.

47. Мемлекеттік орман қоры аумағында селекциялық-генетикалық мақсаттағы объектілерді пайдалану кезінде Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2015 жылғы 23 қазандағы № 18-02/942 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 12351 болып тіркелген) бекітілген Ормандардағы өрт қауіпсіздігі қағидаларын және Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2015 жылғы 17 қарашадағы № 18-02/1003 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 12394 болып тіркелген) бекітілген Ормандардағы санитариялық қағидаларды сақтау қамтамасыз етіледі.".

2. "Селекциялық-тұқым шаруашылығы мақсатындағы объектілерді анықтау және құру қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Қоршаған ортаны қорғау министрінің 2013 жылғы 27 тамыздағы № 258-Ө бұйрығында (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8751 болып тіркелген, 2013 жылғы 5 желтоқсанда "Егемен Қазақстан" газетінің № 268 (28207) санында жарияланған):

көрсетілген бұйрықтың тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"Селекциялық-тұқым шаруашылығы мақсаттағы объектілерді анықтау, жасау және пайдалану қағидаларын бекіту туралы";

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Қоса беріліп отырған Селекциялық-тұқым шаруашылығы мақсатындағы объектілерді анықтау, жасау және пайдалану қағидалары бекітілсін."

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Селекциялық-тұқым шаруашылығы мақсаттағы объектілерді анықтау және жасау қағидаларында:

Қағидалардың тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"Селекциялық-тұқым шаруашылығы мақсатындағы объектілерді анықтау, жасау және пайдалану қағидалары";

1-тараудың тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"1-тарау. Жалпы ережелер";

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Селекциялық-тұқым шаруашылығы мақсатындағы объектілерді анықтау, жасау және пайдалану қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) Қазақстан Республикасының 2003

жылғы 8 шілдедегі Орман кодексі 77-бабының 2-1-тармағына сәйкес өзірленді және мемлекеттік орман қоры участекерінде селекциялық-тұқым шаруашылығы мақсатындағы объектілерді анықтау, жасау және пайдалану тәртібін айқындайды.";

2-тараудың тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"2-тарау. Селекциялық-тұқым шаруашылығы мақсатындағы объектілерді анықтау және жасау тәртібі";

мынадай мазмұндағы 3-тараумен толықтырылсын:

"3-тарау. Селекциялық-тұқым шаруашылығы мақсатындағы объектілерді пайдалану тәртібі

37. Селекциялық-тұқым шаруашылығы мақсатындағы объектілерді пайдалана отырып, орман тұқымдарын дайындауды, өндөуді және сақтауды жоспарлауды үйимдастыру үшін орман тұқымдарының тұсіміне болжам жасалады және ол есепке алынады.

38. Селекциялық-тұқым шаруашылығы мақсатындағы объектілерде орман тұқымдарының тұсіміне болжам жасау және оны есепке алу жөніндегі жұмыстар құрылу жылдары бойынша бөлек-бөлек жүргізіледі.

39. Орман тұқымдарының күтілетін тұсімінің болжамы Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2015 жылғы 27 қаңтардағы № 18-02/44 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10346 болып тіркелген) бекітілген Орман тұқымдарын дайындау, қайта өндөу, сақтау мен пайдалану және олардың сапасын бақылау қағидаларына 1-қосымшаға сәйкес жүргізіледі.

40. Тұсімге фенологиялық қадағалау, болжам жасау және есепке алу селекциялық-тұқым шаруашылығы мақсатындағы объектілердің әрбір санатында отырғызылатын және әртүрлі дайындау орындарында өнім беруді олар неғұрлым толық сипаттайтындей етіп орналастырылатын көлемі 0,25-0,5 гектар сынама аландағында жүргізіледі.

Әрбір сынама алаңына осы Қағидаларға қосымшаға сәйкес нысан бойынша карточка толтырылады.";

көрсетілген Қағидалар осы Тізбеке 1-қосымшаға сәйкес қосымшамен толықтырылсын.

3. "Мемлекеттік орман қоры участекерінде сұректі тұбірімен босату қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің міндеттін атқарушысының 2015 жылғы 27 ақпандағы № 18-02/178 бұйрығында (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10679 болып тіркелген, 2015 жылғы 24 сәуірде "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде жарияланған):

кіріспе мынадай редакцияда жазылсын:

"Қазақстан Республикасы 2003 жылғы 8 шілдедегі Орман кодексінің 13-бабы 1-тармағының 18-5) және 18-20) тармақшаларына сәйкес БҰЙЫРАМЫН:";

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Мемлекеттік орман қоры учаскелерінде сүректі түбірімен босату қағидаларында :

1-тараудың тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"1-тарау. Жалпы ережелер";

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Осы Мемлекеттік орман қоры учаскелерінде сүректі түбірімен босату қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) 2003 жылғы 8 шілдедегі Қазақстан Республикасы Орман кодексінің (бұдан әрі – Кодекс) 13-бабы 1-тармағының 18-20) және 18-20) тармақшаларына сәйкес әзірленді және мемлекеттік орман қоры учаскелерінде сүректі түбірімен босату мен мемлекеттік орман қоры аумағында ағаш кесудің жыл сайынғы көлемдерін айқындау тәртібін белгілейді.";

4-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"4. Мемлекеттік орман қоры учаскелерінде басты мақсатта пайдалану үшін ағаш кесу, аралық мақсатта пайдалану үшін ағаш кесу және өзге де мақсаттарда ағаш кесу тәртібімен сүрек босату осы Қағидаларға және Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2015 жылғы 30 маусымдағы № 18-02/596 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 11894 болып тіркелген) бекітілген Мемлекеттік орман қоры учаскелерінде ағаш кесу қағидаларына (бұдан әрі – Ағаш кесу қағидалары) сәйкес жүзеге асырылады.";

13-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"13. Түбірімен босатылатын сүрек үшін төлемақы сомасын есептеу және төлеу тәртібі "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы (Салық кодексі)" Қазақстан Республикасының 2017 жылғы 25 желтоқсандағы Кодексінің 588-бабына сәйкес айқындалады.";

2-тараудың тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"2-тарау. Мемлекеттік орман қоры учаскелерінде сүректі түбірімен босату тәртібі";

16-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"16. Мемлекеттік орман иеленушілер ұзақ мерзімді орман пайдалануға құқығы бар орман пайдаланушылардың өтінімдері негізінде, оларға басты, аралық мақсаттарда пайдалану үшін ағаш кесу мен өзге де ағаш кесуге арналған өздерінің өтінімдерін енгізе отырып, өсіп тұрған сүректі жыл сайын босатуға жиынтық материалдар қалыптастырады.";

мынадай мазмұндағы 21-26-тармақтармен толықтырылсын:

21. Піскен сүрекдіндер қорларынан құралатын басты мақсатта пайдалану үшін ағаш кесуді (кеспеағаш қоры) жүргізу кезінде сүрек босату көлемі.

Мемлекеттік орман қоры учаскелерінде басты мақсатта пайдалану үшін ағаш кесу тәртібімен сүрек дайындау орман орналастыру кезінде айқындалатын және орман шаруашылығы саласындағы уәкілетті органның ведомствосы (бұдан әрі – ведомство) бекітетін есептік кеспеағаш шегінде жүзеге асырылады.

22. Мемлекеттік орман қоры участекерінде аралық мақсатта пайдалану үшін ағаш кесу кезінде сүрек дайындау көлемі орманға күтім жасау үшін ағаш кесудің, іріктең санитариялық мақсатта ағаш кесудің, құндылығы аз және қорғаныштық функцияларын жоғалтып бара жатқан екпелерді қайта жаңартумен байланысты ағаш кесудің белгіленген нормаларын басшылыққа ала отырып, орман орналастыру материалдары бойынша айқындалады.

23. Мемлекеттік орман қоры участекерінде өзге мақсаттарда пайдалану үшін ағаш кесу кезінде сүрек дайындау көлемі жаппай санитариялық мақсатта ағаш кесу, құрылым объектілері үшін орман аландарын тазарту, орман жолдарын тарту және басқа да орман шаруашылығы іс-шараларын орындау жөніндегі жұмыстардың көлемімен айқындалады.

24. Орман орналастыру жобаларына енгізілмеген санитариялық мақсатта пайдалану үшін ағаш кесу Ағаш кесу қағидаларына сәйкес ұсынылып отырған іс-шараларды негіздей отырып, табиғи және антропогендік сипаттағы жағдайлардың туындау фактілері бойынша тағайындалады.

25. Орман жолдарын тартуға және өртке қарсы орлар қазуға байланысты ағаш кесу орман орналастыру материалдары және (немесе) ормандарды өртке қарсы орналастырудың бас жоспарлары бойынша тағайындалады.

26. Облыстың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) жергілікті атқарушы органдар (бұдан әрі – жергілікті атқарушы органдар) мен мемлекеттік орман иеленушілер ағаш кесудің жыл сайынғы көлемдерінің жиынтық материалдарын қалыптастырудың дұрыстығын қамтамасыз етеді.

мынадай мазмұндағы 3-тaraumen толықтырылсын:

"3-тaraau. Мемлекеттік орман қоры аумағында ағаш кесудің жыл сайынғы көлемін қалыптастыру тәртібі

27. Мемлекеттік орман иеленушілер ағаш кесу басталар алдындағы жылдың 1 қыркүйегіне дейінгі мерзімде жергілікті атқарушы органдарға жіберілетін кеспеағаштар бөлу материалдарының негізінде ағаш кесудің жыл сайынғы көлемінің жиынтық материалдарын (бұдан әрі – жиынтық материалдар) қалыптастырады.

28. Мемлекеттік орман иеленушілер беретін жиынтық материалдар мынадай құжаттарды қамтиды:

1) бірінші басшы немесе оны алмастыратын адам қол қойған жергілікті атқарушы органдардың атына ілеспе хат;

2) жылдық кеспеағаштың жиынтық ведомосы;

3) осы Қағидаларға 1, 2, 3, 4-қосымшаларға сәйкес нысандар бойынша мемлекеттік орман иеленушілер жүзеге асыратын мемлекеттік орман қоры участекерінде ағаш кесу түрлері бойынша сүрек дайындау көлемі;

4) іріктең санитариялық мақсатта кесуге белгіленген екпелерді комиссияның тексеру немесе қарап көру актісі және Ағаш кесу қағидаларының 121-тармағына сәйкес сүрекдіңін санитариялық жай-күйінің орташа өлшемдік балы.

29. Осы Қағидалардың 28-тармағында көрсетілген материалдардан басқа, жаппай санитариялық мақсатта ағаш кесу көлемін қарau және бекіту үшін:

1) кесуге белгіленген екпелерді комиссияның тексеру немесе қарап көру актісі және Ағаш кесу қағидаларының 150-тармағына сәйкес сүрекдіңін санитариялық жай-күйінің орташа өлшемдік балы;

2) осы Қағидаларға 5-қосымшаға сәйкес нысан бойынша биологиялық тұрақтылығынан айырылған екпелерде отырғызылған сынама алаңдарының жиынтық ведомосы;

3) осы Қағидаларға 6-қосымшаға сәйкес нысан бойынша жаппай санитариялық мақсатта ағаш кесуді қажет ететін екпелердің жиынтық ведомосы;

4) телімдерді, олардың алаңдарын көрсетіп және сынама алаңдарын енгізе отырып, жаппай санитариялық мақсатта пайдалану үшін ағаш кесуге белгіленген участкереге планшеттен алынған көшірме;

5) орман өрті туралы хаттама ұсынылады.

30. Мемлекеттік орман қорының мына санаттарында:

1) ерекше қорғалатын орман аумақтарында, оның ішінде:

мемлекеттік табиғи қорықтар ормандарында;

мемлекеттік ұлттық табиғи парктер ормандарында;

мемлекеттік резерваттар ормандарында;

мемлекеттік өнірлік табиғи парктер ормандарында;

мемлекеттік қорық аймақтары ормандарында;

табиғаттың мемлекеттік орман ескерткіштерінде;

орманның гендік резерваттарын қоса, ғылыми маңызы бар орман участкерінде;

аса құнды орман алаптарында;

жанғақ кәсіпшілігі аймақтарында;

орман-жеміс екпелерінде;

аса биік тау ормандарында;

2) мемлекеттік қорғаныштық орман белдеулерінде;

3) қала ормандарында;

4) елді мекендердің және емдеу-сауықтыру мекемелерінің жасыл аймақтарында;

5) эрозияға қарсы ормандарда;

6) өзендер, көлдер, су қоймалары, каналдар мен басқа да су объектілері жағалауарындағы тыйым салынған орман белдеулерінде басқа мақсатта ағаш кесуге, сондай-ақ құндылығы төмен және қорғаныштық, су сақтау және басқа да экологиялық функцияларын жоғалта бастаған екпелердің құрылымын қайта жаңартуға байланысты ағаш кесу көлемдерін қарau және бекіту үшін көрсетілген ағаш кесулер мемлекеттік

экологиялық сараптаманың оң қорытындысы болған кезде, тек уәкілетті органның рұқсаты бойынша жүргізіледі.

31. Жергілікті атқарушы органдар мен мемлекеттік орман иеленушілер ағаш кесу басталар алдындағы жылдың 20 қыркүйегіне дейін ведомствоның аумақтық органына (бұдан әрі – аумақтық орган) тексеру үшін мемлекеттік орман иеленушілер және филиалдар бойынша материалдар жібереді.

32. Жергілікті атқарушы органдар мен мемлекеттік орман иеленушілердің аумақтық органға ұсынатын материалдарды мыналарды қамтиды:

1) бірінші басшысы немесе оны алмастыратын адам қол қойған ілеспе хат;

2) осы Қағидаларға 1, 2, 3, 4-қосымшаларға сәйкес нысандар бойынша берілген мемлекеттік орман қоры участеклерінде ағаш кесу түрлері бойынша сүрек дайындау көлемі;

3) осы Қағидалардың 29-тармағына сәйкес берілетін жаппай санитариялық мақсатта ағаш кесу бойынша материалдар.

33. Аумақтық орган ұсынылған ағаш кесудің жыл сайынғы көлемдерінің материалдарына тексеру жүргізеді және оларды ағаш кесу басталар алдындағы жылдың 25 қазанына дейінгі мерзімде ведомствоға ұсынады.

Аумақтық орган ұсынатын жиынтық материалдар мынадай құжаттарды қамтиды:

1) бірінші басшы немесе оны алмастыратын адам қол қойған ведомствоның атына ілеспе хат;

2) осы Қағидаларға 1, 2, 3, 4-қосымшаларға сәйкес нысандар бойынша берілген мемлекеттік орман қоры участеклерінде ағаш кесу түрлері бойынша сүрек дайындау көлемі;

3) жаппай санитариялық мақсатта ағаш кесу бойынша материалдар осы Қағидалардың 29-тармағына сәйкес ұсынылады.

34. Мемлекеттік орман иеленушілер және филиалдар бөлінісінде басты, аралық мақсаттарда пайдалану үшін және өзге де мақсаттарда ағаш кесу көлемдерін ведомство ағаш кесу басталар алдындағы жылдың 25 желтоқсанына дейінгі мерзімде жылына бір рет бекітеді. Ағаш кесу көлемдерін түзету бірінші жартыжылдықтың қорытындылары бойынша жылына бір рет жүргізіледі.

35. Аумақтық органдар ағаш кесу көлемдерін жылдың 1 қаңтарына дейін мемлекеттік орман иеленушілерге жеткізеді.

36. Ұсынылған материалдар осы Қағидаларға сәйкес келмеген жағдайда ескертулерді жою туралы материалдарды ведомство пысықтау үшін жергілікті атқарушы органдарға және мемлекеттік орман иеленушілерге қайтарады.

37. Пысықталған материалдар оларды ведомство жергілікті атқарушы органдарға және мемлекеттік орман иеленушілерге жіберген күннен бастап 10 жұмыс күні ішінде беріледі.";

осы тізбеке 2, 3, 4, 5, 6, 7-қосымшаларға сәйкес редакцияда 1, 2, 3, 4, 5, 6-қосымшалармен толықтырылсын.

4. "Мемлекеттік орман қоры участекелерін ғылыми-зерттеу мақсаттарында пайдалану қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2015 жылғы 12 қазандары № 18-02/908 бүйрекінде (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 12266 болып тіркелген, 2015 жылғы 26 қарашада "Әділет" ақпараттық құқықтық жүйесінде жарияланған):

көрсетілген бүйрекпен бекітілген Мемлекеттік орман қоры участекелерін ғылыми-зерттеу мақсаттарында пайдалану қағидаларында:

4-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"4. Жұмыстардың түрлері (стационарлық, далалық, бағдарлық), ерекшелігі (ботаникалық, орман өсіру, топырақтық және басқалар), басталу және аяқталу мерзімдері, ғылыми зерттеулердің бағдарлары, эксперименттік объектілерді орналастыру орындары мен көлемдері, сондай-ақ пайдаланудың арнайы режимі, шектеулердің түрлері мен мерзімдері, көрсетілген жұмыстарды жүргізуіндегі басқа да талаптары белгіленетін мемлекеттік орман қоры участекелерінің алаңын көрсете отырып, орман пайдаланудың басқа түрлерін шектеу немесе оларға тыйым салулар, көрсетілген жұмыстарды жүргізуіндегі басқа да шарттары мемлекеттік орман иеленушімен орман пайдаланушылардың арасында жасалатын ұзақ мерзімді және қысқа мерзімді орман пайдалану шартымен және (немесе) орман билетімен айқындалады.

Ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізу үшін мемлекеттік орман иеленушілер мемлекеттік орман қоры участекелерін жеке және заңды тұлғаларға ұзақ мерзімді орман пайдалануға ұзақ мерзімді орман пайдалану шарты талаптарымен, ал қысқа мерзімді орман пайдалануға қысқа мерзімді орман пайдалану шарты және рұқсат беру құжаттары негізінде береді.";

6-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"6. Мемлекеттік орман қоры участекелерін ғылыми-зерттеу мақсаттары үшін пайдалану кезінде алынған орман өнімі (сүрек, жемістер мен тұқымдар, қалемшелер, екпе көшеттер, көшеттер, тағамдық, дәрі-дәрмектік және техникалық шикізат) ғылыми-зерттеу жұмыстарын орындау үшін қажетті бөлігін қоспағанда, мемлекеттік орман иеленушілердің меншігі болып табылады. Оның тізбесі мен көлемі зерттеу бағдарламасы мен әдістемесіне сүйене отырып белгіленеді және мемлекеттік орман қоры участекелерінде ұзақ мерзімді және қысқа мерзімді орман пайдалану шарттарында және (немесе) орман билетінде көрсетіледі".

Қазақстан Республикасы

Ауыл шаруашылығы
министрлігінің өзгерістер мен
толықтырулар енгізілетін кейір

бүйректарының тізбесіне

1-қосымша
Селекциялық-тұқым

шаруашылығы мақсатындағы
объектілерді аныктау,
құру және пайдалану
қағидаларына қосымша
Нысан

КАРТОЧКА

Облыс _____

Мемлекеттік орман иеленуші _____

Фенологиялық байқау жүргізуге арналған сынама алаңының карточкасы

(ағаш тұқымдасы)

1. Участкениң орналасқан жері:

Орманшылық _____

Орам № _____

Телім № _____

Орман тұқымы объектісінің түрі _____

Отырғызылған жылы _____

Участке ауданы _____, гектар

2. Телім сипаттамасы:

Рельеф _____

Орман өсу жағдайларының типі _____

Топырақ және топырақ түзуші жыныс _____

Екпе құрамы _____

Басты жыныс бонитетінің сыныбы _____

Басты жыныстың басым нысаны (фенологиялық, морфологиялық) _____

Санитариялық және орман патологиялық жай-күйі _____

3. Қадағаланатын түр сипаттамасы (жасы, орташа диаметрі, орташа биіктігі):

министрлігінің
 өзгерістер мен толықтырулар енгізілетін
 кейбір
 бұйрықтарының тізбесіне
 2-қосымша
 Мемлекеттік орман қоры
 участкерінде сүректі түбірімен
 босату қағидаларына
 1-қосымша
 Нысан

**облысының қарамындағы мемлекеттік орман иеленушілер
жүзеге асыратын мемлекеттік орман қоры участкерінде басты мақсатта
пайдалану кезінде сүрек дайындаудың 20__ жылға арналған көлемі**

алымында алан, гектар
 бөлгішінде қор, текше метр

№	Мемлекеттік орман иеленушінің атауы	Тұқымдылар топтараты бойынша басты мақсатта пайдалану үшін ағаш кесу кезінде сүрек дайындау көлемі			Жиыны
		қылқан жапыракты	жұмсақ жапыракты	кattы жапыракты, сексеул	
1	2	3	4	5	6
мемлекеттік орман қорының санаты					
Жиыны:					

Қазақстан Республикасы
 Ауыл шаруашылығы
 министрлігінің
 өзгерістер мен толықтырулар
 енгізілетін
 кейбір бұйрықтарының тізбесіне
 3-қосымша
 Мемлекеттік орман қоры
 участкерінде сүректі түбірімен
 босату қағидаларына
 2-қосымша
 Нысан

**облысының қарамындағы мемлекеттік орман иеленушілер жүзеге
асыратын мемлекеттік орман қоры участкерінде орманды күтіп-балтау
мақсатында ағаш кесу кезінде сүрек дайындаудың 20__ арналған көлемі**

алымында алан, гектар
 бөлгішінде қор, текше метр

№	Мемлекеттік орман иеленушінің атауы	Тұқымдылар топтараты бойынша орманды күтіп-балтау мақсатында ағаш кесу кезінде сүрек дайындау көлемі			
		қылқан жапыракты	жарықтан-дыру	тазарту	сирету
1	2	3	4	5	6

мемлекеттік орман қорының санаты

Жиыны:

kestенің жалғасы

Тұқымдылар топтары бойынша орманды күтіп-баптау мақсатында ағаш кесу кезінде сүрек дайындау көлемі

жұмсақ жапырақты				қатты жапырақты				Жиыны
жарықтандыру	тазарту	сирету	өтпелі ағаш кесу	жарықтандыру	тазарту	сирету	өтпелі ағаш кесу	
7	8	9	10	11	12	13	14	15

мемлекеттік орман қорының санаты

Қазақстан Республикасы

Ауыл шаруашылығы

министрлігінің

өзгерістер мен толықтырулар
енгізілетін

кейбір бұйрықтарының тізбесіне
4-қосымша

Мемлекеттік орман қоры
учаскелерінде сүректі түбірімен
босату қагидаларына

3-қосымша

Нысан

**облысының қарамындағы мемлекеттік орман иеленушілер жүзеге
асыратын мемлекеттік орман қоры участкелерінде іріктең санитариялық
мақсатта ағаш кесу кезінде сүрек дайындаудың 20 жылға арналған көлемі**

алымында алан, гектар
бөлгішінде қор, текше метр

№	Мемлекеттік орман иеленушінің атауы	Тұқымдылар топтары бойынша іріктең санитариялық мақсатта ағаш кесу кезінде сүрек дайындау көлемі				Жиыны	
		қылқан жапырақты	жұмсақ жапырақты	қатты жапырақты, сексеул			
1	2	3	4	5		6	
мемлекеттік орман қорының санаты							
Жиыны:							

Қазақстан Республикасы

Ауыл шаруашылығы

министрлігінің

өзгерістер мен толықтырулар
енгізілетін

кейбір бұйрықтарының тізбесіне
5-қосымша

Мемлекеттік орман қоры
учаскелерінде сүректі түбірімен
босату қагидаларына

4-қосымша

Нысан

облысының қарамындағы мемлекеттік орман иеленушілер жүзеге асыратын мемлекеттік орман қоры участекерінде өзге де ағаш кесу кезінде сүрек дайындаудың 20 жылға арналған көлемі

алымында алан, гектар
бөлгішінде қор, текше метр

№	Мемлекеттік орман иеленушінің атауы	Тұқымдылар топтары бойынша өзге де ағаш кесу кезінде сүрек дайындау көлемі			Жиыны
		қылқан жапырақты	жұмсақ жапырақты	қатты жапырақты, сексеуіл	
1	2	3	4	5	6
мемлекеттік орман қорының санаты					
жаппай санитариялық мақсатта ағаш кесу					
Жиыны:					
су тораптарын, құбыр жолдарын, жолдар салумен байланысты орман алаңдарын тазарту					
Жиыны:					
орман соқпақтарын салу, өртке қарсы орлар қазу кезінде орман алаңдарын тазарту					
Жиыны:					
өтімді қалдықтарды жинау					
Жиыны:					
Барлығы:					

Қазақстан Республикасы

Ауыл шаруашылығы

министрлігінің

өзгерістер мен толықтырулар енгізілетін

кейір бұйрықтарының тізбесіне

6-қосымша

Мемлекеттік орман қоры

участекерінде сүректі түбірімен

босату қагидаларына

5-қосымша

Нысан

облысы

**бойынша (мемлекеттік орман иеленуші) биологиялық
орнықтылығын жоғалтқан екпелер құраған сынама алаңдардың жиынтық
ведомосі**

Орманшылық №	Сынақ алаңының №	Орамның №	Телімнің №	Сынамадағы ағаш саны, дана	Басым зиянкестер және аурулар атауларын көрсете отырып, сүрекдінің әлсіреу себебі

1	2	3	4	5	6
---	---	---	---	---	---

кестенің жалғасы

Сынамадағы жалпы санның пайызға шаққандағы жай-күйі санаттары бойынша ағаштардың бөлінуі	Кесілуі тиіс, пайыз						
тұқымды	I	II	III	IV	V	VI	
7	8	9	10	11	12	13	14

Қазақстан Республикасы
Ауыл шаруашылығы
министрлігінің
өзгерістер мен толықтыруулар
енгізілетін
кейбір бұйрықтарының тізбесіне
7-қосымша
Мемлекеттік орман қоры
учаскелерінде сүректі түбірімен
босату қагидаларына
6-қосымша
Нысан

облысы

бойынша (мемлекеттік орман иеленуші) жаптай санитариялық мақсатта ағаш кесу қажет етілетін екпелердің жиынтық ведомосі

Орманшылық	Орамның №	Телімнің №	Алаң, гектар	Телімнің қысқаша таксациялық сипаттамасы			
				құрамы	жасы	толысусы	бонитеті
1	2	3	4	5	6	7	8
<hr/>							
Телімнің қысқаша таксациялық сипаттамасы	Сүрек қоры				Орман түрі	Жаңарудың камтамасыз етілуі	Сүрекдіңнің әлсіреу себебі
орташа білктігі, метр	орташа диаметрі, сантиметр	1 гектарға	Телімде барлығы	оның ішінде өтімді сүрек	орташа білктігі, метр		
9	10	11	12	13	14	15	16

Мемлекеттік орман иеленушінің басшысы:

Инженер-орман патологы (орман қорғау жөніндегі маман)